

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

III том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеуов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

А 13 **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /**
құраст, түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбіштулұ Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйынан еткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жогары синапті оқушылардың жогары мектептеге білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мемдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінін нығайына, интеллектуалдық, олеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәннаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Адам баласының бәріне ортак дүниежүзілік мәдениет әрбір халықтың алдынғы қатарлы ой-пікірлерінен, ұлы ақындар мен ойшылдардың творчестволық байлығынан құралатыны белгілі. Ұлылар өз халқының рухани мәдениетін бүкіл дүниежүзілік озық үлгілерімен табыстырып, оған өз ұлтының өзіне ғана тән ерекшеліктерін, ой-пікір байлығын, сөз өнерінің үлгісін косады. Абай – қазақ халқының осы топқа қосқан ұлы ақыны, классигі. Оның мазмұны жағынан аса терең, гуманистік-философиялық ой-толғамдарға бай, адамдықты ардақтап, оның рухын биікке көтерген оптимизмге толы жарқын творчествосы кешегіні бүтінгігে жалғастырған алтын көпір сияқты өзінің туған халқын, сол арқылы өзі бауыр тұтқан адам баласының бәріне ерекше қызмет етіп келеді. Ол біздің халықтың ұлттық оянуына, сана-сезімінің көтерілуіне, әдебиеті мен мәдениетін жаңа сапада қалыптастыруға, қазақтың әдеби тілін орнықтыруға барынша мол енбек сінірді. Сондықтан біз оның ұлт мәдениетіндегі орнын өзі текtes ұлылармен ғана салыстыра қараймыз. Әсіресе, біздің аузымызға ақынның өзі ұстаз тұтқан, шығармаларынан көп тәлім алып, аударған Пушкин түседі. «Пушкин есімін атағанда, – деген еді Н.В. Гоголь, – орыстың ұлттық ақыны туралы ой келеді... Пушкин – ерекше күбылыс және орыс рухының бірден-бір көрінісі болар: ол орыс адамының даму үстіндегі, тіпті екі жұз жылдан кейін болатын бейнесін елестетеді. Онда орыс табиғаты, орыстың жан дүниесі, орыс тілі, орыс мінезі соншалықты таза, әбден аршылған әсемдікпен көрінеді. Оны тек оптикалық шынының көтерінкі бетіндегі тегістік сөулесімен ғана салыстыруға болады». Осы сездер Абайға арнап та айтылған сияқты. Сондықтан біз әрдайым мақтанышпен қайталап, «орыс» деген сөздің орнына «қазақты» қойып, «қазақтың табиғаты, қазақтың жан дүниесі, қазақтың тілі, қазақтың мінезі» деп бастаймыз.

Абайдың қазақ әдебиеті алдындағы ұлы қызметі оның ұлттық әдебиетте шындық дегеннің не екеніне бірнеше рет көніл

аударып, оны тұнғыш аша білуі деуге болады. Ол қазақ өмірін, оның адамдарын, табигатын, жан дүниесін терең білді және соны бірінші болып көркем әдебиет бетінде жан-жақты бейнеледі. Ол шындықтың ақыны болып туды, солай өмір сурди. Оның өлеңдерін оқи отырып, одан сәл де болса, жалғандық табу қыын. Бәрі де бар, болған және қазақтың ұлттық табигатына тән шындық мөлдіреп көз аддына келеді. Ұлы суреткөр есебінде Абай оны көркем бейнелеудің жаңа жолын тапты. Оның өлеңдері өзінің қарапайымдылығымен, табиғильтіктерімен құйылып, ойға, сезімге ұялайды. Сондықтан ол қазақ әдебиетіндегі тұнғыш ұлы суреткөр саналады.

Жазу өнерінің қарапайымдылығы мен табиғильтіктері Абай қазақ поэзиясының ұлттық сипатына айналдырды. Оның ұғымы, танымы, бейнелеу жүйесі түгелдей ұлттық шындықтан өрбіп, біртіндеп терендейді. Жана ой, жана сөзге лайық стиль де жанарып, өзгеше көркемдік қуатқа ие болады. Ондағы тіл байлығы, суреттеу құралдарының әр алуан түрлері, теңеулер мен метафора, күштеусіз, төгіліп, үйқасып тұрған тармақтар, ішкі үйлесімдер қазақтың сөз өнерін әсемдік әлемінің биігіне көтереді. Осымен Абай қазақ сөзін ұстартып, әдеби тілдің негізін салды.

Абай қазақ әдебиеті тарихында тұнғыш рет өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмір проблемаларын күн тәртібіне қойды. Ол қазақ қоғамының қайшылықты жақтарын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отар шылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартистыардың елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынай отырып, еңбекші елге іш тартты, халықты қарангырылыштан жарыққа сүйреді. Ол халықтардың онашаланып өмір сүретін дәүрсіні өткенін, ендігі жерде ел болудың кепілі дамыған көрші елдермен қарым-қатынас жақындауда екенін айтты. Елді сол жолда бірігуге, ынтымақтастыққа шақырды. Ұакыт талабын заманынан оза шауып түсіну – Абайдың даналығының белгісі.

Абай шығармаларының такырыбы әр алуан. Одан қазақ қоғамының тағдырына, адамдардың тіршілігіне байланысты ақындық сырды да, жалпы қауымды билеген берекесіздік, еңбексіздік,

жалқаулық жайлыш ойлар мен сыйнды да, жана үлгіде жазылған табиғат пен махаббат лирикасын да, өмірдің қыындығы мен қоғамдағы адам орны, еңбегі туралы ой-толғамдарды да, көрлік пен жақындарының, балаларының өлімі жанын жарагалаған ақын-эке сезімін де кездестіреміз. Осылардың бәрі бірімен-бірі жалғасып, тұтас ақындық әлемді құрайды. Өмірдің шыңдығы мен Абайдың сыйны онда араласып, белсенді ақын позициясын әңгімелейді. Ол – қазақ әдебиетіндегі әйелдердің тағдырына бірінші көңіл бөлгөн ақын. Оның кіршіксіз, таза, терен сезіміне үніліп, ананы, даналықты, достыққа берік адап сезімді жырлады. Оның табиғат лирикасы адамды, оның жан дүниесін терен ашуадағы ұлттық әдебиеттің бірінші жаңалығы болып табылады. Ол жылдың мезгілдерін жырлауда үлкен суреткерлікке жетті. Қазақ әдебиетіндегі өлең сөздің қоғамдық күшін, көркемдік қуатын көтеруге арналған бірінші ақындық программаны да Абай жасады. Ол кедей ақындардың күн көріс кәсібіне айналып, бағасы түскен өлең сөзді (ән мен күйді де) өз бүйгіне қойып, оқырманның, тыңдаушының талғамын тәрбиелеуге белсенді араласты. Ақынның бұл саладағы ұлы қызметі орыстың классикалық әдебиеті эстетикасымен, Белинский, Чернышевский көзқарастарымен ұштасып жататыны ғылымда әлдеқашан дәлелденген.

Абай ақын боп сөз жазып қана отырмаган, өз өлеңіне әзі ән шығарып таратқан. Оның композиторлық шығармашылығы біздің халықта ерекше бағаланады. Егер ол ақын болмаса, осы әндерімен-әк, композиторлық енбегімен ұлы адамдардың қатарына кірер еді. Қазақ даласында бірінші шырқалған Татьяна тек Пушкиндегі ғана насиҳаттап, халыққа таратып қойған жок, сүйгенінен қосыла алмаган мұнды орыс қызын қазақ құрбыларымен табыстыруды.

Абайдың өмір сүрген ортасы дәстүрге бай емес еді. Оның көргені, естігені – халық әдебиеті, бай фольклор, жеке ақындар творчествосы болды. Жасынан әке ырқымен ел ісіне араласқан Абай мұны жетік білді. Ел басшылары, ру аксақалдары бас қосқан алқалы жиындарда қыыннан қыстырып сөз айта алғатын, тапқыр, шешен адамдар ғана құрметке ие болатын. Абайдың

үлкен экесі Өскенбай да, экесі Құнанбай да осындаі, сөз ұстаған белгілі билер болған. Осы жолға түсken Абай да жасынан сөз сырын жақсы білді, сөз қуып, дау ұстаған талай мүйізділердің сынынан өтті, шешен атанды, би болды, тәбе билікке де сайланды. Бірақ ақындық үшін бұлар жеткіліксіз еді. Мұны түсінген Абай халық даналығының тар шеңберінен шығып, бетін дүние жүзі әдебиеттерінің озық ұлгілеріне бұрды. Ол шығыстың классикалық поэзиясын да, орыстың, сол арқылы Еуропаның демократтық әдебиеттің терең зерттеді. Сөйтіп дүние жүзінің озық әдебиеттерінен сузынады. Ол Фирдоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науай, Фузилиерді ұстаз тұтты, солардың ұлгісімен өлеңдер де жазды. Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты, Салтыков-Щедринді, Достоевскийді, Лев Толстойды, Чернышевскийді, Добролюбовты, Писаревті оқыды. Орысша аудармалары арқылы Гете мен Байронды білді. Абайдың алғашкы өміrbаянын жазған Қекітай Ысқақовтың айтуынша, ол Бокльді, Мильді, Дрэперді, Дарвинді, Спинозаны, Аристотельді, Сократты оқыған. Семейге жер ауып келген орыс революционерлері (Михаэлис, Леонтьев, Долгополов) Абаймен достасып, ақынның жүйелі оқуына көмектескен. Абайдың ой-өрісін кеңейткен де, дүниеге көзін терең ашып қарасты үйреткен де, ақындық шабытын қанаттандырған да осылар. Осыдан кейін ақын өзі де «Шығысым Батыс бол кетті» деп мойындаған. Осыларды оку Абайды қарангырылыштан ағартушылыққа, көшпелі түрмистың етекbastылығы мен рушылдықтың әдет-ұрпынан халықтық демократизме алып шықты. Ол халқына, кейінгі ұрпаққа орыстың тілін, өнерін, еңбекшілдігін үйренуді өсінет етті. «Мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр... Оның тілін білсөң, көкірек-көзің ашылады», – деді. Оның ақындық ойында философиялық, эстетикалық, саяси ұғымдар кеңейді. Оның ойшылдығы адамды жетілдіруге, оның қоғамдағы орнын табуга, пайдалы қызмет істеуге үйретуге («Кірпіш болып қалану») арналды. Әдебиеттің ұлттық дәстүрін жаңартта отырып, ол әдебиет бетін адам сезімін суреттеуге бұрды, адамды танудағы табигаттың рөлін ашты. Шындықты өз сезімі арқылы, өз басынан өткен уақығалар негізінде тануға жетті. Сөйтіп рухани өскен,

байыған Абай демократтық орыс поэзиясының арнасында қызмет еткен ұлы таланттар тобына кірді. Ол Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан классикалық аудармалар жасады. Оның бұл саладағы еңбегін тек аударма деп қарау жеткіліксіз. Ол ұлы ұстаздарымен творчестволық жарықса түсті. Орыс туындыларын қазақ өмірінің шындығына жақындана отырып, өз сезімінің, геройлар психологиясының күшімен терендете түсті. Татьяна мен Онегин хаттарының осындай сипаттың кезінде орыс зерттеушілерінің өздері-ақ мойындаған. Оның Онегінді өлтіру сырының өзі-ақ орыс әдебиетіндегі оқшау адамдардың тағдыры жайлы Чернышевский, Добролюбов мақалаларымен таныс болғанын байқатады. Көшпелі қазақ ауылынан шыкпай-ақ, сонау Шынғыстауда жатып, өз бетімен білім алғып, қазақ даласына дүниежүзілік мәдениеттің шырағын жакқан Абайдың осы еңбектерін үлкен Азаматтық ерлік демеске бола ма?!

Абай бүгін бізді өзінің өмірге, тіршілікке деген көзқарасының тұтастығымен тартады. Оның замандастарына, болашақ ұрпаққа арнаған өсietі – бұрынғылар айтпаған сөз болғандықтан емес, ақынның өз заманының шындығын өзі жинақтай, корыта білуімен, жүртқа оны бұрынғыдан басқаша, өзгеше көркемдік қуатпен жеткізе білу өнерімен қымбат. Ол қазағын, елін сүйді. Оның бойын, ақыл-ойын табиғатпен туысқан, адам жаратылысының шынайы қалпын бұзбаған қайраткердің әділетсіздікке қарсы ашуызасы, кегі тудырған «өзгеше махабbat» («Странная любовь». Лермонтов) сезімі биледі. Оның өлендерінде адамгершілікті мұрат тұтқан адамның сезім күйін бейнелеген лирика мен ұнамсыздықты сынаған сатира араласып жататыны да соңдықтан. Адам бұлай өмір сүрмеуі керек – ақын шығармаларының түйіні осы. Ол ақылға, еңбекке сүйеніп өмір сүруді, жамандық жасамауды, адамгершілікті сақтауды қалайды. Мұны айтқанда, тек халық даналығына, фольклорға ғана сүйенбейді, қазақ ортасының өзі көрген шындығына бунтарлықпен қарап, адамгершіліктің жаңа нормаларын іздейді. Батыс пен Шығыстың әдебиетін, ойшылдарын, әлеуметшіл-саясатшыларын қарағанда, Абайдың ізденегі де осы. Осы ізденіс ақынның өзін де рухани тазартып,

адамзатқа ортақ ойларға жетелейді. Соларды өз халқына үлгі етіп ұсынады. Ол қоғамдық ойды ояты, оны тәрбиелеуші болды, адамдықтың жаңа нормаларын өмірге батыл кіргізуді талап етті. Оның әкенін ұлы болмай, адамның ұлы болу жайындағы ойы да осыдан туған. «Әкенің баласы – дүшпаның, адамның баласы – бауырың», – деген ол. Ол адамды жүрек, ақыл, сезім билеуін, адамның адамға дос болуын, сенің тағдырың бүкіл адамзаттың тағдырымен байланысты, біріңе-бірің қонақсын дегенді көп айтады. Мұның бәрінің негізінде адамның рухани азаттыққа үмтүлүү идеясы жатыр.

Абай беймезгіл заманда өмір сүрді. Оның идеясы, ізденісі қаранды қазақ қауымы үшін түсініксіз болды. Заманынан оза шауып, келер ұрпақтың тілімен сөйлеген дананы санырау, сокыр, мылқау қайдан түсінсін. Оның заманына «Жұмбак» болуы да осыдан. Өзі де өлеңіндегі «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», «Мынмен жалғыз алысқанын» жазады. Ол заманының бар қайшылығын жүргегіне басып, ауыртпалығы басына тиіп, күрсініп өтті, ерте қартайды. Кешпелі тұрмыс пен надандық, рушылдық жайлаған елдің бетін өнерге, білімге, кесіпке бұрам деп, татулыққа, бірлікке шақырған жырлары «Қалың елі-қазағына» дарынады. Оның өлеңдерін толтырып тұрған мұң-зар, ашулы ыза, заман трагедиясын арқалаған данышпан ақынның ауыр сезімі осыдан туады. Зарын ол өлеңге төгіп, өлеңін ғана өзіне серік етті.

Ақынның прогресшіл көзқарасы қаранды, надан ортада кері әсер туғызыды. Оны «орысшыл» санады. Әкесі Құнанбайдың да Абайдың бойынан көрген үш мінінің бірі осы «орысшылдығы» еді. Ақынның жер ауып келген революционерлермен достығы жергілікті экімшілікті оған қарсы қойды. Абайдың үйі тінтіліп, өзіне қастандық жасалды. Бірақ Абай өзі іздеп тапқан әділдік жолынан қайтқан жоқ. Ол патша экімшілігінің ар жағында орыстың халқы барын, онымен жақындасудың қажеттігін көрді, таныды. Бүкіл қазақ қауымы «орыс» деген сөзді құбыжық көріп (олардың көргені отаршылдық саясатты жүргізгенурядниктермен приставтарғой), одан шошынып тұрған заманда, орыс халқымен достыққа шақырған Абай сөздері бүтін қандай актуальды естіледі. Ақын өзіне

сүйенішті жастардан тапты. Маңына талантты жастарды жинады, балаларын, жақын жас достарын орысша оқытты. Бұл қасарысқан кертарапалыққа қарамай Абай жолының қазақ даласына кең жайыла бастағаны, туысқан халықтармен қарым-қатынастың ұлғауының басы еді. Ол өзбектің, татардың еңбекшілдігін, кәсіп игеруге ұмтылсын құптағады, қазаққа үлгі етті. Абай патриотизмі мен интернационализмі осыдан бастау алады. Тек ұлылар ғана басқа халықтарды өз халқымен табыстырады, оларды сыйлауға, сүюге үйретеді. Олардың творчествосын халықтық етестін де осы ерекшеліктері. Ұлыларда ұқсастық та көп. Ол ұқсастықтар олардың тағдырында, творчествосында, қалдырған ой-пікірінде, сөз өнерінің биіктігінде. Сол ұқсастықтар оларды өз халқының ақылшысы етеді, қоғамдық ой-пікірдің басына қояды, кейінгіге үлгі етеді. Қысылғанда сырласар досын да, ақыл сұрар ұстазын да сол болады. Оларды өмір бойы оқисын, мәнгі үйренесін.

Абайда көшпелі қазақ өмірінің ашы сабағы мен дүниен шолған қыранның қырағы көзі бар. Ол ұсак-түйекті көзге ілмейді, оған алданбайды, дүниеге биіктен қарайды, халық тағдырын, бүгінін, келешегін тұтас көреді. Соңдықтан Абай творчествосы – қазақ халқының тарихы: бүкіл даланың эпосындай елестейді. Абай – халқының, оның ұлттық өмірінің символы. Оның өлмес творчествосында халық рухының жарқын қүші, қайғысы мен қуанышы сакталған. Ол соның бәрін көркем сөздің күшімен бейнелеп, бүкіл адамзат мәдениетінің тарихына қосты.

ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай көлжазасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұтылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Кирабаев С. Абай – казақ әдебиетінің класигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты
8. Қабдоллов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сын: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б.; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариев Б. Өппіес мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Қурескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев І. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбегі. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптөмдүк. IV том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева ІІ. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдышқыш шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңапылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчество: мақалалар жинағы / ред баск.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы	3
Машанов А. Ұлы ұстаз Абай	8
Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақышдары	19
Нұршайықов Ә. Шұғылалы шумақтар	33
Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда	46
Кирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі	65
Ахметов З. Өлең өрнектері	72
Қабдолов З. Абайдың ақындығы	81
Кәкішев Т. Абайдың сатирасы	101
Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы	109
Сахариев Б. Өшпес мұра	129
Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары	137
Бердібаев Р. Кеменгерлік келбеті	154
Қожакеев Т. Абай – сатирик	167
Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті	188
Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы	211
Дербісалин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан	221
Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын	235
Талжанов С. Абай Құнанбаев	247
Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра	261
Түсініктер	269

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
III том
Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8757

Басуга 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1508.
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.